

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы

Сайын ауылы, №1 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі




Компьютер кабинетіндегі қауіпсіздік ережелері

*ДАЙЫНДАҒАН: ИНФОРМАТИКА ПӘНІНІҢ
МҰҒАЛІМІ НУРБАЕВА КАМШАТ
ЗИНУЛЛАҚЫЗЫ*

Компьютерде жұмыс істегенде сақталатын жалпы ережелер:

Компьютерде жұмыс істеу ең алдымен көзге күш түсіреді. Компьютерлік программалармен айналысқанда көздің жыпылықтауы азая бастайды. Сондықтан көз жаспен аз ылғалданады. Ал, бұл көздің көру қабілетінің нашарлауына әкеп соқтырады.



Көзді шаршатпау үшін мына талаптарды орындау қажет:

- 1. Мониторға (экран) дейінгі арақашықтық 55-65 см-ден кем болмау керек. Және компьютерде жұмыс уақыты 25 минуттан аспауы керек.*
- 2. Компьютер алдындағы жұмыс 25 минуттан аспауы керек.*
- 3. Жиі-жиі көз, мойын, арқа үшін арнайы белгіленген жаттығулар жасап отыру керек.*
- 4. Экранның ортасына қарау.*

Компьютердің қауіпсіздігі.

- 1. Компьютерде таза қолмен жұмыс істеу.*
- 2. Компьютерге ылғал тимеуін қадағалау.*
- 3. Мониторды қолмен ұстамау.*
- 4. Компьютерді қосу және ажырату ережелерін сақтау.*
- 5. Компьютердің жүйелік блогын, мониторды және басқа да құрылғыларын бөлшектемеу.*
- 6. Компьютердің сымдары мен құрылғыларына ажыратпау, тиіспеу*
- 7. Компьютер жанына артық (сумка, портфель, кітаптар) заттар қоюға болмайды, тек қалам мен дәптер.*

Қандайда бір келеңсіз жағдай болған уақытта ең бірінші мұғалімге ескерту керек.

□ Тоқ тартқан жағдайда немесе өрт шыққан жағдайда ең әуелі тоқ көзінен ажырату қажет.

□ Тоқ тартқан адамды тоқ өткізбейтін құрал көмегімен тоқтан ажырату керек.

□ Алғашқы дәрігерлік көмек көрсету қажет.


Өрт сөндіру құралын пайдалану жолдары:

□ Ең әуелі өрт сөндіру құралының сақина тәріздес пломбасын алып, жұмысқа дайындау.

□ Отқа бағыттап, қосқышты басу.

□ Жел жақ бағытынан тұрып, өрт ыңғайына қарай бағыттап шашу.





*Адамды тоқтан ағашпен немесе резинке қолғаппен
ажыратып, алғашқы көмек көрсету*



*Тоқ көзінен
тезірек
ажырату*



*Тоқ тартқан
адамға алғашқы
көрсетер көмек*



Өрт сөндіру құралын жұмысқа дайындау



Сақина тәріздес пломбасын алып тастау



Отқа бағыттап, қысқышты бас

Өрт сөндіру құралымен жұмыс



Жел жақ бағытынан тұру



Өрт сөндіре бастау



Қуысты жерді жоғарыдан сөндіру



Бір мезетте бірнеше адам болып сөндіру



Өрт сөнгендігіне көз жеткізу



Пайдаланған құралды толықтыруға жіберу